

أَنْبِيَاءُ اللَّهِ وَرُسُلُهُ

Аллаһтың пайғамбарлары
мен елшілері

оларға Аллаһтың игілігі мен сәлемі
болсын

Шейх Хайсам Сархан
басшылығындағы "Сунна" колледжі



mahadsunna.com

Аса Мейірімді, ерекше Рахымды Аллаһтың атымен

Пайғамбарлар деген кім?

Аллаһ Тағала бізді Өзіне ғана құлшылық етуіміз үшін жаратты және Оған ғана құлшылық етуді, Оны ғана ең жоғары махаббатпен жақсы көруді және Оны ғана құдай ретінде тағзым-итағатпен ұлықтауды бұйырды. Бұл біздің жаратылуымыздағы және бұл дүниедегі басты мақсатымыз. Ол былай деген:

يَا أَيُّهَا النَّاسُ اعْبُدُوا رَبَّكُمُ الَّذِي خَلَقَكُمْ وَالَّذِينَ مِنْ قَبْلِكُمْ

«Әй Адам баласы! Сендерді де сендерден бұрынғыларды да жаратқан

Раббыларыңа құлшылық қылыңдар»

(«әл-Бақара» сүресі, 21-аят).

Ата-анамыз бізді бұл дүниеге әкелгенде қамқорлықсыз, бағыт-бағдарсыз қалдырмайды. Олар бізге қолдарынан келгенше қамқорлық жасайды, барлық пайдалы нәрселерді үйретуге тырысады және барлық зиянды және қауіпті нәрселерден сақтандырады.

Ал Жаратушымыз бізге ата-анамыздан да мейірбан, қамқор әрі мейірімді. Ол бізді болмашы бір тамшыдан жаратып, біз бұл опат болу жеңіл болған дүниеде қараңғылықтарда адасып, көптеген қауіп-қатер мен дұрыс бағыттан ауытқып кетпеуіміз үшін, бізді өз-өзімізге тастап қоймады. Ол бізге ақиқатты үйрету, жақсылық пен жамандықты, тура жол мен адасушылықтың қисық жолдары қандай екенін, нұр мен құтылу не екенін, ал не нәрсені қараңғылық пен опат екенін түсіндіру үшін, адамзаттың ішінен олардың ең жақсы өкілдерін таңдап жіберді. Яғни Аса Мейірімді, Сүюші, Игі Раббымыз адамзатты жер бетіне орналастырған соң, оларды серігі жоқ Жалғыз Жаратушыға құлшылық етуге шақырған және оларға бұл дүниеде бақытты өмірге және өлімнен кейінгі бақытқа апаратын жолға нұсқаған пайғамбарлары мен елшілерін жолдады. Адамзат ерте заманда да, қазіргі уақытта да Аллаһ Тағаладан өздеріне жіберілген таңдаулы ардақты жандар болып табылатын пайғамбарлар мен елшілер әкелген ілім мен басшылықсыз бір сәтке де қала алмайды. Аллаһтың Елшілерінің басшылық-нұсқауы – аса зор қажеттілік. Тіпті біздің оған деген қажеттілігіміз тамаққа, сусынға және басқа нәрселерге деген қажеттеліктерімізден де жоғары. Елшілердің ілімі – бұл дүниенің жаны, рухы, өмірі және нұры. Жанынан, рухынан, өмірінен және нұрынан айырылған дүниемен не болар еді?

Бұл дүние, жердегі өмір – тұтас қараңғылық, бауырлар. Ал оны нұрландырып, жарық ететін күн – бұл пайғамбарлаға түсірілген иләһи-құдайлық ілім. Ол адамдардың өлген жүректерін тірілтіп, қараңғылықтарда адасып жүргендерге ең жарық нұрға айналады. Аллаһ Тағала былай деген:

أَوَمِنْ كَانَ مَيْتًا فَأَحْيَيْنَاهُ وَجَعَلْنَا لَهُ نُورًا يَمْشِي بِهِ فِي النَّاسِ كَمَنْ مَثَلُهُ فِي الظُّلُمَاتِ لَيْسَ بِخَارِجٍ مِنْهَا

«Өлі (имансыздықта) болған кезінде, Біз оны (иманмен) тірілтіп, ол сол арқылы адамдар арасында жүретін біреу, қараңғылықтарда қалып, одан шыға алмайтын біреуге ұқсай ма?»

(«әл-Әнғам» сүресі, 122).

Назар бұрыңыздар, бұл аятта Аллаһ Тағала екі адам туралы айтып жатыр. Олардың бірі мүмин. Кезінде ол рухани өлі болып, надандық қараңғылығында адасып жүрді, бірақ кейін Аллаһ Тағала оны Өзінің Елшісі арқылы жіберген иман және діни ілім рухымен тірілтті. Аллаһ Тағала оған нұрды, яғни адамдар өмір сүріп жатқан қараңғылық арасында оның жолын нұрландыратын діни білімнің жарқын шырағын берді. Екіншісі – жүрегі өлі, күпірліктің, надандық пен адасушылықтың тас қараңғылығында мән-мағынасыз адасып жүрген адам.

Басқа аятта Аллаһ Тағала Өз Елшісімен жіберген ілімді «рух» деп атайды. Ол былай деген:

وَكَذَلِكَ أَوْحَيْنَا إِلَيْكَ رُوحًا مِنْ أَمْرِنَا

«Саған осылайша әмірімізден бір "рух" уахи еттік»

(«әш-Шуғара» сүресі, 52-аят).

Пайғамбарымыз Мухаммадқа (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) түсірілген Құран мен Сүннет рух (жан) деп аталған. Рух (жан) болмаса, өмір де болмайды. Рухы (жаны) жоқ дене – өлі дене.

Сондай-ақ Аллаһ Тағала адамдарға елшілері арқылы жіберген діни білімін Ол көктен түсіретін жаңбыр суымен де теңейді. Су – ағза мен тән үшін өмір, ал Аллаһ Тағала елшілері арқылы адамдарға түсірген діни ілім, хикмет пен өсиеттер – бұл олардың жүректері пен жандары үшін өмір.

Шын мәнісінде, кәпір – ол өлі адам. Оның тәні ғана тірі, алайда жүрегі өлі. Ол тек жануарлар секілді (яғни ішіп-жеп, ұрпақ көбейтіп, ойын-сауықпен) өмір сүре алады. Ал шынайы, яғни асқақ, рухани, нұрлы өмірдің себебі - иман, ал нәтижесі - шексіз бақыт, әрі мұндай өмір бұл бақытсыз адамға беймәлім.

Аллаһтың Елшілері – бізді Аллаһқа, Оның разылығына және Жәннатқа апаратын ізгі жолдармен жетейлетін жетекшілер. Елшілердің нұсқауынсыз сіздің жүрегіңіз бейне бір құрғақ жерге лақтырылған балық секілді болады.

Сіздің басыңызға тәніңізге қатысты бір ауру келіп тиіп жатса, сіз медицинаға жүгінесіз, өзіңізді дәрігерлерге, олардың тәжірибесі мен біліміне сеніп тапсырасыз. Ендеше, біздің Аллаһ Тағаланың Өз елшілері арқылы жіберген біліміне деген қажеттілігіміз, біздің медицина мен дәрігерлерге деген қажеттілігімізден де көбірек, өйткені медицина бұл саған осы дүниеде ғана санаулы ғана жылдар қызмет жасайтын, ал содан соң топыраққа айналатын тәніңізді ғана емдейді, ал елшілерге ілесу – бұл сіздің не мәңгі бақытқа ие болатын, не мәңгі азапталуға ұшырайтын жаныңыздың емі.

Пайғамбарларға және олардың әкелген іліміне ілесу тыныс алудан да, әшәп жеуден де маңыздырақ, өйткені судан және тамақтан айырылу тәннің өлуіне және одан жанның шығуына әкеледі, ал Аллаһ Елшілерінің жолынан бас тарту жүрек пен жанның өлуіне әкеледі, ал бұл едәуір қорқыныштырақ.

Аллаһ Тағаланың Елшілеріне иман келтіру – иман солардың үстіне негізделген тіректердің бірі. Аллаһтың Елшісі Мухаммадтан (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) иман не деп сұрағанда, ол:

أَنْ تُؤْمِنَ بِاللَّهِ، وَمَلَائِكَتِهِ، وَكُتُبِهِ، وَرُسُلِهِ، وَالْيَوْمِ الْآخِرِ، وَتُؤْمِنَ بِالْقَدَرِ، خَيْرِهِ وَشَرِّهِ

«Иман – бұл сенің Аллаһқа, Оның періштелеріне, Оның Кітаптарына, елшілеріне, Қиямет күніне және жақсының да, жаманның да тағдырға жазылғандығына иман келтіруің», - деп жауап берді

(хадисті Муслим жеткізген, 8).

Елшілерге иман келтірмеу – Аллаһқа иман келтірмеу дегенді білдіреді, ал бұл үлкен адасушылық. Құранда былай деп айтылған:

وَمَنْ يَكْفُرْ بِاللَّهِ وَمَلَائِكَتِهِ وَكُتُبِهِ وَرُسُلِهِ وَالْيَوْمِ الْآخِرِ فَقَدْ ضَلَّ ضَلَالًا بَعِيدًا

«Ал кім Аллаһқа және Оның періштелеріне, Кітаптарына, елшілеріне және Ақырет күніне күпірлік етсе (сенбесе), ақиқатында ол ұзақ адасумен адасты»

(«ән-Ниса» сүресі, 136-аят).

Мұсылман адам Аллаһ Тағаланың барлық елшілері мен пайғамбарларына иман келтіруі қажет. Кімде-кім елшілердің тіпті біреуін болса да жоққа шығарса, сол олардың барлығына иман келтірмеген болады. Нух (ғаләйһи-с-сәләм) елшілердің ең алғашқысы болған, қалған елшілердің барлығы адамзатқа одан кейін келген. Нух пайғамбар соларға келген қауым Ибраһим, Муса, Иса,

Мухаммад (олардың барлығына Аллаһтың игілі мен сәлемі болсын) келуден бұрын мыңдаған жыл бұрын өмір сүрген. Алайда Аллаһ Тағала осы, яғни көпшілігі, өздеріне жіберілген елші Нухты теріске шығарып, оны өтірікші деп санаған бұл қауымды, олар барлық елшілерге иман келтірмеді деп айтты. Аллаһ Тағала былай деген:

كَذَّبَتْ قَوْمُ نُوحٍ الْمُرْسَلِينَ

«Нухтың қауымы да елшілерді өтірікшілерге шығарды»

(«әш-Шуғара» сүресі, 105-аят).

Назар аударыңыздар, олар өздерінің елшісі Нухты ғана өтірікші деп атаған болатын, өйткені одан бұран адамзатқа елші келмеген еді ғой, алайда Аллаһ Тағала олардың Нухтан Мухаммадқа (оларға Аллаһтың сәлемі болсын) дейінгі барлық елшілерге иман келтірмегендері жайлы үкім шығарды. Неліктен? Өйткені адам Аллаһ Тағаланың елшілерінің тіпті біреуін болса да жоққа шығаруға дәті барса, олардың барлығын да жоққа шығаруға дәті барады. Кімде-кім Мусадан басқа барлық елшілерге сенемін деп мәлімдесе, сол барлық елшілерге иман келтірмеген болып саналады да, мұсылман болуын тоқтатып, кәпір болады. Кімде-кім Муса және басқа пайғамбарларға иман келтіремін, алайда Иса мен Мухаммадты (оларға Аллаһтың сәлемі болсын) теріске шығарса, сол Мусаға да, Ибраһимге де, басқа да барлық пайғамбарларға да иман келтірмеген кәпір болады. Біз - мұсылмандар Аллаһ Тағаланың барлық елшілеріне нық сенеміз және олардың әрбірін: Ибраһимді де, Мусаны да, Исаны да, Мухаммадты да, басқа да барлық пайғамбарларды жақсы көреміз, олардың барлықтарына Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын.

Аллаһ Тағала пайғамбарлар мен елшілер арқылы, адамдар Қиямет күні: «Біз ештеңе білмедік, бізге ешкім ештеңе жайлы хабарламады және ескертпеді. Бізге ешкім тура жол қайда, адасу қайда екендігін, қай жол Жәннатқа, қай жол Тозаққа апаратындығын түсіндірмеді», - деп айтпаулары үшін, адамзатты ескертіп, оларға Өзінің дәлелін келтірді.

Біз мұсылмандар пайғамбарлар мен елшілердің құдайлар емес, адамдар екеніне иман келтіреміз. Оларды Аллаһ жаратқан, олар толығымен Оған тәуелді, олар Оның құлдары, сол себепті оларға еш жағдайда құлшылық етіп, оларға дұғалар мен өтініштермен жүгінуге, оларға құдайлық сипат беріп, жәрдем, шипа, құтқару, Тозақтан сақтауды, Жәннатты нәсіп етуді, кедейліктен, қарыздардан, баласыздықтан және бақытсыздықтан құтылуды сұрауға болмайды. Біз -

мұсылмандар дұға-тілектерімізбен тек бүкіл болмыстың Жаратушысы әрі Басқарушысы – әлемдердің Раббысы, Жалғыз Аллаһ Тағалаға ғана жүгінеміз.

Сондай-ақ пайғамбарларды періштелік болмысқа да жатқызуға болмайды. Олар періштелер емес және адами табиғат-болмысқа ие. Пайғамбарлар да басқа барлық адамдар сияқты тамақ ішіп, базарларға барып, үйленетін, ауыратын, сынақтар мен бақытсыздықтарға ұшырайтын, өмір сүріп, қайтыс болатын. Құран Кәрімде Аллаһ Тағала Мухаммад пайғамбарға былай деп үндейді:

قُلْ إِنَّمَا أَنَا بَشَرٌ مِّثْلُكُمْ

«Оларға (адамдарға): «Шынында, мен де сендер сияқты адаммын», - деп айт»

(«әл-Каһф» сүресі, 110-аят).

Аллаһ Тағала былай деген:

مَا الْمَسِيحُ ابْنُ مَرْيَمَ إِلَّا رَسُولٌ قَدْ خَلَتْ مِنْ قَبْلِهِ الرُّسُلُ وَأُمُّهُ صِدِّيقَةٌ ۖ كَانَا يَأْكُلَانِ الطَّعَامَ

«Мәриям ұлы Мәсих - бір елші ғана. Одан бұрын да елшілер өткен. Ал оның анасы – шыншыл әйел. Олар екеуі де тамақ жейтін»

(«әл-Маида» сүресі, 75-аят).

Пайғамбарлар үйленіп, балалы болатын. Аллаһ Тағала былай деген:

وَلَقَدْ أَرْسَلْنَا رُسُلًا مِنْ قَبْلِكَ وَجَعَلْنَا لَهُمْ أَزْوَاجًا وَذُرِّيَّةً

«Расында, сенен бұрын да елшілер жібергенбіз әрі оларға да жұбайлар, ұрпақтар жасап бергенбіз»

(«әр-Рағд» сүресі, 38-аят).

Құран Кәрімде Яғқуб Пайғамбар дүниеден өтпес бұрын өзінің қасына көпшілік болған ұлдарын шақырып: «Менен кейін кімге құлшылық етесіңдер?», - деп айтқаны хабарланды. Олар:

نَعْبُدُ إِلَهَكَ وَإِلَهَ آبَائِكَ إِبْرَاهِيمَ وَإِسْمَاعِيلَ وَإِسْحَاقَ إِلَهًُا وَاحِدًا وَنَحْنُ لَهُ مُسْلِمُونَ

«Сенің Құдайыңа және аталарыңның Исмаилдың, Исхақтың Құдайына, Бір-ақ (Жалғыз) Құдайға құлшылық қыламыз әрі біз Оған бойұсынамыз», - деп

жауап берді.

(«әл-Бақара» сүресі, 133-аят).

Сондай-ақ пайғамбарлардың адамдық болмысына олардың қарапайым адамдық жұмыстарды атқарып, адамдарға тән нәрселермен айналысқаны да куәлік етеді, олар мал баққан, ұсталықпен және басқа да кәсіптермен айналысқан.

Мысалы, Муса пайғамбар (ғаләйһи-с-сәләм) қой баққан. Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): **«Аллаһ Тағала жіберген кез келген пайғамбар**

қой баққан», - деп айтатын. Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бұл сөздерін естіген адамдар: «Уа Аллаһтың Елшісі! Сіз де қой баққансыз ба?», - деп сұрады. Сонда Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): **«Иә, мен Мекке халқы маған төлеген қарат үшін қой баққанмын»**, - деп жауап берген екен.

Зәкәрия пайғамбар ағаш ұстасы болған.

Дауд пайғамбар темір ұстасы болған және сауыттар жасаған. Ол патша болғанына қарамастан өз қолымен еңбек етіп тапқанын ғана жеген.

Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) әйелі – шыншыл Айша Пайғамбарымызды сипаттап, былай деген:

كَانَ بَشَرًا مِّنَ الْبَشَرِ، يُقَلِّي ثَوْبَهُ، وَيَحْلِبُ شَاتَهُ، وَيَحْدُمُ نَفْسَهُ

«Ол адамдардың бірі болған. Ол киімін өзін тазарттатын, қойын өзі сауатын және өзіне өзі қызмет жасайтын»

(хадисті Ахмад, 26237; әл-Бухари «Әл-адаб әл-муфрада» жеткізген, 541; әл-Әлбани оны «Әс-силсилят әс-сахиха» еңбегінде сенімді деп атаған, 671).

Елшілер басқа адамдардың барлығы секілді қайтыс болады. Аллаһ Тағала Өзінің Елшісі Мухаммадқа (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген:

إِنَّكَ مَيِّتٌ وَإِنَّهُمْ مَيِّتُونَ

«Шынында, сен де өлесің, олар да өледі»

(«әз-Зүмәр» сүресі, 30-аят).

Ол сондай-ақ былай деген:

وَمَا جَعَلْنَا لِبَشَرٍ مِّن قَبْلِكَ الْخُلْدَ

«(Мухаммад) сенен бұрын да адам баласына мәңгілік (өмір) бермедік»

(«әл-Әнбия» сүресі, 34-аят).

Пайғамбарлар басқа адамдар ауырғандай ауыратын. Осылайша, Аллаһтың пайғамбары Аюб ұзақ жылдар бойы өте ауыр науқаспен сыналған еді. Хадисте ауру оны оны сегіз жыл бойы тастамағаны, сол себепті оны әйелінен және өз бауырларынан болған екі ер кісіден басқа жақындары мен алыстары тастап кеткені хабарланады.

Пайғамбарлар мен елшілер бақытсыздық пен сынақтарға ұшырайтын.

Юсуф пайғамбар зынданға қамалумен сыналған, Юнус пайғамбар тіпті адамдардың ешқайсысы түспеген зынданға, яғни алып бір кит балығының ішіне түсті. Мүшриктер Ибраһим пайғамбарды темір бұғаумен кісендеп, отқа тастады.

Олар (яғни мүшриктер) Мухаммадты (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) тасборан етіп атқылағаны сонша, тіпті оның табандары қанға боялды. Кәпірлер пайғамбарларды қорлап, туған жерлерінен қуатын. Осылайша, Ибраһим пайғамбар мен пайғамбарымыз Мухаммад өздерінің дінін сақтап қалуы үшін, туған жерлерін тастап кетуге мәжбүр болды. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жүрегi үшін ең сүйікті мекен болған Меккеден кетуге мәжбүр болды.

Олай болса, барлық пайғамбарлар мен елшілер ғаламда ешнәрсеге иелік және билік етпейтін, пайғамбарымыз Мухаммад (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) айтқандай, олар тіпті өздеріне зиян мен пайдаға иелік етпейтін. Алайда олар ең жақсы, ең шыншыл, ең тақуа адамдар болған. Оларды Аллаһ Тағала, олар жер тұрғындарына Ұлы Жаратушысының жолдауларын жеткізу үшін, Өзі таңдап алған, сондықтан да олар адамдардың ешқайсысында жоқ кейбір ерекшеліктерге ие. Әрі сол ұлы сипаттармен біз, Аллаһ қаласа, келесі кездесуімізде танысатын боламыз.

Пайғамбарлардың сипаттары

Бүкіл адамзат тарихы барысында Аллаһ Тағала бізге қамқорлық жасай отырып, бізге - яғни адамзат қауымына, Өз елшілерін жіберіп, солар арқылы бізді Өзі, Өзінің өсиеттері, уәделері мен ескертулері туралы хабардар етті. Бұл елшілердің барлығы адам болған, өйткені адам өзі секілді адамнан ғана әлдебір нәрсені қабылдап, үйрене алады. Елшілер періштелер емес еді және, әрине, олар құдайлар да, құдайдың балалары да болмаған. Олар - табиғаты бойынша басқа адамдармен бірдей, алайда Аллаһ Тағаланың тарапынан кейбір ерекшеліктер берілген Аллаһтың құлдары еді.

Пайғамбарлар мен елшілердің барлық адамдардан ерекшеленетін ең басты ерекшелігі – оларға Аллаһ Тағаладан уахи (араб тілінде «әл-уахйи») түсуі. Пайғамбардан басқа ешкімге көктен уахи түспейді. Егер де әлде біреу өзіне Аллаһтан уахи, әмірлер мен тайымдар, ілім мен хикмет түседі деп жарияласа, онда ол не өтірік айтады, не шайтанның алдауына түскен болады. Өйткені уахи алу Аллаһтың елшілері мен пайғамбарларына ғана тән қасиет. Олардың соңғысы Мухаммад (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) он төрт ғасыр бұрын қайтыс болған және одан кейін елшілер болмайды. Аллаһ Тағала өзінің елшісі

Мухаммадқа пайғамбарлар мен басқа адамдардың бұл айырмашылығы жайлы жария етуді бұйырып, былай деген:

قُلْ إِنَّمَا أَنَا بَشَرٌ مِّثْلُكُمْ يُوحَىٰ إِلَيَّ أَنَّمَا إِلَهُكُمُ إِلَهُ وَاحِدٌ

««Шынында, мен де сендер секілді адаммын. Маған Құдайлардың бір-ақ Құдай екендігі уахи етілуде», - деп айт»

(«әл-Каһф» сүресі, 110-аят).

Аллаһтан келген уахилердің елшілерге жеткізілуі Құранда хабарланған үш жолмен жүзеге асқан.

Бірінші жол: Аллаһ Тағала өзі қалаған хабарды пайғамбардың жүрегіне тікелей салып уахи етеді және бұл пайғамбар өзінің жүрегіне салынған нәрсенің Аллаһтан түскен уахи екендігін анық біледі. Дәл осындай уахи пайғамбарларға түс түрінде де келуі мүмкін. Осылайша, Ибраһим пайғамбар (оған Аллаһтың сәлемі болсын) түсінде Аллаһ Тағаладан ұлы Исмаилды құрбандыққа шалу туралы бұйрық алды.

Екінші жол: Аллаһ Тағаланың белгілігі бір пайғамбарға сөзбен тікелей сөйлеуі. Аллаһ Тағала кейбір пайғамбарлармен тікелей, делдал-тілмаш-тәржімансыз, бірақ пайғамбар Оны көре алмайтындай, тосқауыл перде арқылы сөйлескен. Құран мен Сүннетте Аллаһтың Өз пайғамбарлары Адаммен, Мусамен және Мухаммадпен (оларға Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сөйлескені жайлы хабарланады. Құран Кәрімде былай деп айтылған:

وَكَلَّمَ اللَّهُ مُوسَىٰ تَكْلِيمًا

«Аллаһ Мусамен тікелей сөйлескен»

(«ән-Ниса» сүресі, 164-аят).

Аллаһ Тағала Пайғамбарымыз Мухаммадпен (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ол көкке көтерілген «әл-миғраж» деп аталатын түні сөйлескен еді.

Пайғамбарлардың Аллаһтан уахи алуының үшінші жолы – періштелер арқылы. Аллаһ Тағала Өзінің сөздерін адамдар арасынан келген елшісіне жеткізу үшін, жер бетіне періштелердің арасынан өз елшісін түсірген. Осылайша, Жәбірейіл періште Пайғамбарымызға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) келіп, оған Аллаһтың уахиін, соның ішінде Аллаһтың Сөзі мен Оның Жер тұрғындарына жіберген соңғы өсиеті – Құран Кәрімді жеткізген.

Демек, пайғамбарлар мен елшілердің басқа адамдардан ерекшілігі –олардың Жаратушыдан Оның сөздерін алуы. Аллаһ Тағала оларға жаратылыстардан жасырын және тек Аллаһқа ғана белгілігі нәрселерді уахи етті. Аллаһ оларға

Ақыретте және Қиямет күні болатын нәрселер жайлы хабарлаған, оларға Жәннат пен Тозақ жайлы баяндап, оларды көрсеткен, оларға өткен және болашақтағы оқиғаларды ашқан. Пайғамбарлардың өздері ғайыпты, болашақты білмеген және бұл білімді талап етпеген, өйткені ғайып пен болашақ бір Аллаһқа ғана мәлім. Алайда Пайғамбарлар адамдарға өздеріне берілген және Аллаһ жеткізуді бұйырған білімді жеткізген.

Пайғамбарлар мен елшілерге тән екінші қасиет – олардың қателеспейтіндігі (арабша – «әл-ғисма»). Барлық мұсылмандар пайғамбарлар мен елшілердің Аллаһтан хабар алуда және оны адамдарға жеткізуде қателіктерден қорғалғандығы туралы бір ауызды келісімде, яғни бұны ешбір мұсылман теріске шығармайды. Әрбір пайғамбар Аллаһтан уахи алғанда оны дәлме-дәл жаттап, Аллаһтың Өзі оның бір әлдебір нәрсені керекті уақытта ұмытылуын қаламаса, одан ешнәрсені ұмытпаған. Пайғамбарымыз Мухаммадқа (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Жәбірейіл періште келіп, оған Құран аяттарын әкелгенде, ол оларды тыңдап, естігенін бірден қайталап, ештеңені ұмытпау үшін еріндерін қимылдата бастайтын. Алайда Аллаһ оған еріні мен тілдерін қимылдатудың қажеті жоқ екенін және періште жеткізген сөздерді қайталауға асықпай, оларды соңына дейін сабырмен тыңдау керектігін түсіндірді, өйткені Аллаһ Тағала пайғамбарға уахи етілгеннің барлығы оның жүрегінде сақталып, жадында жиналып, адамдарға дұрыс жеткізілетіндігіне уәде берген. Бұл туралы Аллаһ Тағала Өз Елшісіне былай деген:

لَا تُحَرِّكْ بِهِ لِسَانَكَ لِتُغَيِّرَ بِهِ إِنَّ عَلَيْنَا جَمْعَهُ وَقُرْآنَهُ

«(Әй Мухаммад! Құран түскенде) оған асығып, тілінді қозғалтпа. Шын мәнінде оны жинау және оқу Бізге міндет»

(«әл-Қияма» сүресі, 16-17 – аяттар).

Пайғамбарлар мен елшілер өздеріне түскен уахиді адамдарға жеткізуде де кіршіксіз (яғни қателеспейтін) болған. Олар бұл әрекетінде ештеңе жасырмаған және өзгертпеген, Аллаһ оларды кез келген қате немесе дәлсіздіктен сақтаған. Олар өздеріне Аллаһ Тағаладан түскен уахилар мен Кітаптарды Одан алған қалпында, ешнәрсе қосусыз, кемітпей, өздерінің қалауынша өзгертпей жеткізген. Аллаһ Тағала былай деген:

وَمَا يَنْطِقُ عَنِ الْهَوَىٰ إِنْ هُوَ إِلَّا وَحْيٌ يُوحَىٰ

«Ол (Пайғамбар) өз ойынан сөйлемеді. Сөйлегені көкейіне салғынған уахи ғана»

(«ән-Нәжм» сүресі, 3-4 – аяттар).

Сондай-ақ пайғамбарлардың қателіксіздігі, егер олар кейбір шешімдерді өз беттерімен қабылдау кезінде қателессе, Аллаһ Тағала оларға сол қатесін міндетті түрде және дереу көрсеткенінде әрі олар оны бірден түзеткенінде көрініс тапқан.

Ақырында, пайғамбарлардың қателіксіздігінің үшінші көрінісі - олар ешқашан үлкен күнә жасамаған, ал егер олар адами болмысына байланысты әлдебір қате немесе кіші күні жасаса да, бұл туралы дереу Аллаһ Тағаладан нұсқау алып, бірден жасаған амалына тәубе етіп, Аллаһқа ең ықыласты әрі жалынды тәубемен қайтатын, кейін олар бұрынғысынан да жақсырақ және кемелдеу болатын. Адам атамызды (оған Аллаһтың сәлемі болсын) еске алыңыз. Ол әйелі екеуі тыйым салынған ағаштың жемісінен дәм татқан бойда істеген істеріне бірден тәубе етіп:

رَبَّنَا ظَلَمْنَا أَنْفُسَنَا وَإِنْ لَمْ تَغْفِرْ لَنَا وَتَرْحَمْنَا لَنَكُونَنَّ مِنَ الْخَاسِرِينَ

«Раббымыз, біз өзімізге зұлымдық істедік. Егер Сен бізді жарылқап, мархамет етпесең, әлбетте зиян шегушілерден боламыз», - деген.

(«әл-Әғраф» сүресі, 23-аят).

Балықтың ішінде қалып қойған Юнустың тәубесін, Дауд, Муса, Нух пайғамбарлардың тәубелерін еске алыңдар.

Пайғамбарлардың үшінші ерекше қасиеті: олар ұйықтағанда, көздері ғана ұйқыда болады, ал олардың жүректері ұйықтамайды. Аллаһтың Елшісі Мухаммад (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген:

«Біздің - пайғамбарлардың көздеріміз ғана ұйқыда болуы мүмкін, алайда жүректеріміз ұйықтамайды».

Пайғамбарлардың төртінші ерекшелігі: жер олардың денелерін жемейді. Аллаһ Тағала Өзінің пайғамбарлары мен елшілерін олардың денелері топырақта шірімей, қанша уақыт өтсе де бұрынғы қалпында қалумен құрметтеген. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген:

«Расында, Аллаһ Тағала жерге пайғамбарлардың денесін жеуге тыйым салған».

Пайғамбарлардың бесінші ерекшелігі – пайғамбарларға ауру түскенде, оларға мәңгілік дүниеге өту мен осы өмірдің арасында таңдау құқығы беріледі. Пайғамбарымыз Мухаммадтың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) әйелі Айша анамыз (Аллаһ оған разы болсын) былай деп баяндаған: «Мен Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дегенін естігенмін:

مَا مِنْ نَبِيٍّ يَمْرُضُ إِلَّا خَيْرَ بَيْنِ الدُّنْيَا وَالْآخِرَةِ

«Аурған кездерінде оларға жердегі өмір мен мәңгілік өмірдің арасында таңдау құқығы берілмеген бірде-бір пайғамбар болмаған»

(хадисті әл-Бухари, 4586 және Муслим, 2444 жеткізген).

Айша анамыз тағы да былай баяндаған екен: «Бірде Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі) соның себебімен қайтыс болған ауыруына шалдыққанда, мен оның қарлыққан дауысымен:

مَعَ الَّذِينَ أَنْعَمَ اللَّهُ عَلَيْهِمْ مِنَ النَّبِيِّينَ وَالصِّدِّيقِينَ وَالشُّهَدَاءِ وَالصَّالِحِينَ

“Аллаһ нығметіне бөлегендермен, пайғамбарлармен, шаһидтермен, ізгілермен”, - деп айтқанын естідім. Сонда мен оның өз таңдауын жасағанын түсіндім».

(хадисті әл-Бухари, 4435 және Муслим, 2444 жеткізген).

Пайғамбарлардың өзге адамдардан алтыншы ерекшелігі – олар қайтыс болған орындарында жерленетіні. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген:

لَنْ يُقْبَرَ نَبِيٌّ إِلَّا حَيْثُ يَمُوتُ

«Барлық пайғамбарлар қайтыс болған орындарында ғана жерлеген»

(хадисті имам Ахмад жеткізген, 27; шейх әл-Әлбани оны «Сахих әл-жәмиғ» еңбегінде сенімді деп атаған, 5201).

Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өзінің әйелі Айша анамыздың үйінде қайтыс болған, сондықтан сол жерде жерленген. Ол, бұны кейбір діні сауаты жоқ адамдар ойлайтындай, мешітте жерленбеген. Оның бейіті Айша анамыздың үйінде. Алайда уақыт өте келе мешіт үлкейіп, кеңейді және Айша анамыздың үйі мешітпен қоршалып қалды, алайда ол мешіттен жан жағынан жағынан бірнеше қатар қабырғалармен бөлінді.

Пайғамбарлардың біріңғай ерекшелігі болмаса да, оларға тән ортақ қасиеттері бар.

Біріншіден, барлық пайғамбарлар мен елшілер – ер адамдар. Аллаһ Тағала былай деген:

وَمَا أَرْسَلْنَا مِنْ قَبْلِكَ إِلَّا رِجَالًا نُوحِي إِلَيْهِمْ

«(Уа Мухаммад) Сенен бұрын да өздеріне уахи етіп, тек ерлерді ғана елші етіп жібердік»

(«ән-Нәхл» сүресі, 43-аят).

Аллаһ Тағала таңдаған барлық пайғамбарлар мен елшілер – ер адамдар болған және Аллаһ ешқашан әйел адамды елші етпеген.

Кейін, барлық пайғамбарлар ең лайықты, ең асыл, ең салиқалы және ең тақуа әулеттерден шыққан, өйткені Аллаһ өзінің хабарын кімге тапсыру керектігін жақсы біледі. Нухтан (оған Аллаһтың сәлемі болсын) кейінгі барлық пайғамбар оның ұрпағынан болған, ал Ибраһимнен (оған Аллаһтың сәлемі болсын) кейінгі пайғамбарлар соның ұрпағынан болған. Аллаһ Тағала былай деген:

وَلَقَدْ أَرْسَلْنَا نُوحًا وَإِبْرَاهِيمَ وَجَعَلْنَا فِي ذُرِّيَّتِهِمَا النُّبُوَّةَ وَالْكِتَابَ

«Расында, Нух және Ибраһимді елші етіп жібердік. Екеуінің ұрпақтарынан да пайғамбарлар жасап, (оларға) Кітап бердік»

(«әл-Хадид» сүресі, 26-аят).

Яғқуб та, Исмаил мен Исхақ та, Муса да, Дауд пен Сулейман да, Иса және Мухаммад та Ибраһимнің ұрпақтарынан болған, олардың барлығына Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын.

Византия императоры Ираклий Мухаммад пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Меккенің ең лайықты, ержүрек әрі асыл тұқымынан шыққанын біліп: «Аллаһ Тағаланың барлық елшілері өз халықтарының ең лайықты әулеттерінен шыққан», - деп бекер айтпаған.

Мухаммад пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген:

خَرَجْتُ مِنْ نِكَاحٍ, وَ لَمْ أَخْرُجْ مِنْ سِفَاحٍ, مِنْ لَدُنْ آدَمَ إِلَى أَنْ وَلَدَنِي أَبِي وَ أُمِّي, لَمْ يُصِبنِي مِنْ سِفَاحِ الْجَاهِلِيَّةِ شَيْءٌ

«Мен Адам атадан бастап, әкем мен шешем мені дүниеге әкелген күнге дейін (адал) некеден шықтым және азғындық-арсыздықтан шықпадым. Надандық дәуірінің зинақорлығы маған еш тимеді»

(хадисті әт-Табарани «Әл-аусатта» жеткізген; әл-Әлбани оны «Сахих әл-жамиғ» еңбегінде сенімді деп атаған, 3225).

Пайғамбарлар мен елшілердің тағы бір ерекше қасиеті – олардың күмәнсіз шыншылдығы. Бұл қасиет пайғамбарлардың болмысына тән, олар ешқашан өтірік айтпайды, олар адамдардың ең шыншылдары. Бірде Пайғамбарымыз Мухаммад (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Сафа төбесіне шығып, өзінің құрайыш тайпаластарын, олардың рулары мен әулеттерін аттарымен атап, шақыра бастады. Олар жиналғанда, Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оларға: **«Егер мен сендерге алқанта сендерге шабуыл жасауға келген әскер тұр деп айтсам, маған сенесіңдер ме?»**, - деп сұрады. Кәпір құрайыштықтар: «Әрине, біз сенен шыншылдықтан басқа ештеңе көрмегенбіз», - деп жауап берді. Сонда Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын):

«Дәл осылай мен сендерді қатал азаптың келуінен бұрын ескерту үшін Аллаһ тарапынан жіберілдім», - деді.

Егер пайғамбарлар тіпті адамдардың өздеріне жала жауып, оларды алдамаған болса, онда Аллаһ Тағала мен Оның діні жайлы да шындықтан басқа ештеңе айтпаған.

Пайғамбарлардың басқа да ерекшеліктерінен – олардың сенімділігі, олардың тарапынан опасыздық жасаудың мүмкін еместігі, олардың ең жоғары адамгершілігі, кемеңгер ақыл-ойы, адамдарға деген шынайы мейірімділігі мен жанашырлығы әрі оларды зұлымдық пен өлімнен құтқаруға ұмтылуы және басқа да көптеген игі қасиеттері.

Елшілер не үшін келген?

Аллаһ Тағала адамдарға Өзінің пайғамбарлары мен елшілерін не үшін жіберді? Олардың міндеті неде еді?

Пайғамбарлар сол үшін келген ең маңызды нәрсе – адамдарды таухидке, яғни Жалғыз Жаратушыға ғана шынайы құлшылыққа шақыру болды. Бұл барлық пайғамбарлардың басты мұраты мен негізгі мақсаты болған – адамдарды жалған тәңірлерге құлшылық етуден, жаратылыстарға дұға етіп жалбарынудан, Аллаһтан басқа әлдебіреуге құдайға қызмет, құлшылық ететіндей етіп қызмет етуден алыстатып, оларды көктер мен жердің Жалғыз Жаратушысына ғана құлшылық етуге, дұғалар және өтініштерімен тек ғаламдағы әрбір нәрсенің Шынайы Хақ Иесіне жалбарынуға, жүректерін Құдіретті және ешқашан жоқ болып жойылмайтын, Мәңгі тірі әрі ешқашан өлмейтін Аллаһқа ғана байлауға бағыттау болған.

Аллаһ Тағаланың Өзі бізге пайғамбарларды не себеппен жібергенін түсіндіріп, не айқанын тыңдаңыз:

وَلَقَدْ بَعَثْنَا فِي كُلِّ أُمَّةٍ رَسُولًا أَنِ اعْبُدُوا اللَّهَ وَاجْتَنِبُوا الطَّاغُوتَ

«Расында Біз әрбір үмметке: «Аллаһқа ғана құлшылық қылыңдар, әрі тағуттан (яғни Одан өзге құлшылық етілетіннің, сол арқылы Аллаһтың орнатқан шектері бұзылатынның әрбірінен) аулақ болыңдар», - дейтін елші жібердік»

(«ән-Нәхл» сүресі, 36-аят).

Аллаһтың елшілері адамзатқа барлық қауымда және әр дәуірде келіп, оларды Аллаһ Тағалаға ғана дұға етуге шақырып, Одан басқаға дұға етуден тыйған.

Адамдар көпқұдайшылыққа салынып, пұттарға, бұрынғы өткен ізгілердің мүсіндеріне табына бастағанда, Аллаһ Тағала оларға бірінен соң басқасы келген Өз елшілерін жібере бастады. Ең алғашқы көпқұдайшылық Нух пайғамбардың кезінде пайда болды және Аллаһ Тағала сол замандағы адамзатқа Нухты жіберді, осылайша ол Аллаһ Тағаланың жер тұрғындарына жіберген ең алғашқы елшісі болды. Одан кейін әр дәуірде жер бетіне жүздеген елшілер келді, бұл салиқалы тізбекті Аллаһтың пайғамбары мен елшісі Мухаммад (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) аяқтады. Ол – біздің дәуіріміз үшін де және Қиямет күніне дейін жер бетіне келетін ұрпақтардың барлығына Аллаһ Тағаланың елшісі болып табылады.

Міне, осы мызғымас ақиқат өзін Аллаһтың пайғамбары және елшісі деп жариялаған кез-келген адамның шынымен де сондай ма, әлде ол Аллаһқа жала жабатын нағыз өтірікші ма екенін анықтайтын маңызды өлшемдердің бірі. Оның не нәрсеге шақыратынын қараңыз. Нағыз пайғамбар мен елші әрқашан таухидке - бірқұдайшылыққа шақырады, әлемдердің Раббысынан басқаға құлшылық етуден тыяды, адамдарға: «Менің де, сендердің де құдайларың Жалғыз Аллаһқа ғана құлшылық етіңдер», - деп айтады.

Біз бұл жайлы Құран Кәрімде оқимыз. Аллаһ Тағаланың Кітабында былай деп айтылған:

لَقَدْ أَرْسَلْنَا نُوحًا إِلَىٰ قَوْمِهِ فَقَالَ يَا قَوْمِ اعْبُدُوا اللَّهَ مَا لَكُمْ مِنْ إِلَهٍ غَيْرُهُ

«Расында Нухты еліне пайғамбар етіп жібердік. Сонда ол: «Әй елім! Аллаһқа құлшылық етіңдер, сендердің Одан басқа құдайларың жоқ», - деді»

(«әл-Әғраф» сүресі, 59-аят).

Құранда сондай-ақ былай деп айтылған:

وَإِبْرَاهِيمَ إِذْ قَالَ لِقَوْمِهِ اعْبُدُوا اللَّهَ وَاتَّقُوهُ ۖ ذَلِكُمْ خَيْرٌ لَّكُمْ إِن كُنْتُمْ تَعْلَمُونَ

«Ибраһимді де. Ол сол уақытта ол өз еліне: «Аллаһқа ғана құлшылық қылыңдар да, Одан қорқыңдар. Егер білсеңдер, бұл сендер үшін қайырлы», - деген еді»

(«әл-Анкабут» сүресі, 16-аят).

Сондай-ақ онда Иса жайлы былай баяндалады:

وَقَالَ الْمَسِيحُ يَا بَنِي إِسْرَائِيلَ اعْبُدُوا اللَّهَ رَبِّي وَرَبَّكُمْ ۖ إِنَّهُ مَنْ يُشْرِكْ بِاللَّهِ فَقَدْ حَرَّمَ اللَّهُ عَلَيْهِ

الْجَنَّةَ وَمَأْوَاهُ النَّارُ ۖ وَمَا لِلظَّالِمِينَ مِنْ أَنْصَارٍ

«Негізінде Мәсих: «Әй Исаил ұрпақтары! Менің Раббым және сендердің раббыларың Аллаһқа ғана құлшылық қылыңдар! Расында, кім Аллаһқа серік қосса, Аллаһ оған Жәннатты харам етті. Әрі оның орны Тозақ оты. Сондай-ақ залымдар үшін ешбір жәрдемші жоқ», - деген»

(«әл-Мәида» сүресі, 72-аят).

Осылайша, барлық елшілердің ең маңызды әрі ең ұлы міндеті – адамдарды тек Аллаһқа құлшылық етуге және Одан басқа кез келген нәрсеге құлшылық етуден бас тартуға шақыру болған. Кімде-кім елшілердің осы шақыруына жауап берсе, соны Жәннат күтеді, ал кімде кім бұл шақыруға жауап беруден бас тартса, өзін Тозақтағы мәңгілік және төзгісіз азапқа ұшыратады.

Бірде Мухаммад пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) екі періште: Жәбірейіл мен Микаил, - келді. Жәбірейіл Пайғамбардың (оған Аллаһтың салауаттары мен сәлемі болсын) бас жағына, ал Микаил оның аяқ жағына отырды. Олардың бірі екіншісіне: «Мухаммадқа нақыл сөздерін айт», - деді. Сонда бұл екі періштелердің бірі Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деді:

«Уа Мухаммад, тыңда! Құлағың естіп, осыны ұқсын әрі жүрегің де түсінсін. Мынау, сені мен сен соларға жіберілген адамдар жайлы нақыл (астарлы) әңгіме: «Бір патша аула салуды ұйғарды, кейін ол осы аулада үй салды, содан соң осы үйде ас әзірлетіп, өз елшілерін, олар адамдарды соған шақырулары үшін жіберді.

Адамдардың арасында елшілердің шақыруын қабыл алғандар да, бас тартқандар да болды.

Патша – бұл Аллаһ, ал аула – Ислам діні, үй – Жәннат. Уа Мухаммад, сен елшісің, сенің шақыруыңа жауап берген адам Исламға кіреді, ал Исламға кірген адам Жәннатқа кіреді. Ал кім Жәннатқа кірсе, онда дайындалған ас-дәмнен дәм татады».

Пайғамбарлардың бірінші міндеті адамдарға олар кімге қызмет, құлшылық етіп, намаз оқу керектігін көрсету болса, екінші міндеті оларға қалай құлшылық ету керектігін, яғни оларға не бұйырылған және ненің тыйым салынған екенін, оларға бұйырылған: намаз, ораза, Аллаһтың жолында мал-мүлік сарп ету және басқа да амалдарды қалай орындау керектігін түсіндіру болды. Қорыта айтқанда, адамдарға олар соны ұстану арқылы Аллаһтың разылығына, сүйіспеншілігі мен рақымына ие болып, қаһарынан сақтана алатын Аллаһ Тағаланың дінін, өсиеттерін, шариғатын жеткізу еді. Елшілер Аллаһ Тағаланың оларға жүктеген бұл міндетті лайықты әрі толық орындады.

Пайғамбарымыз - Аллаһтың Елшісі Мухаммад (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өз өмірінің соңында Жаратушы үшін ең сүйікті қала – Меккеде қоштасу қажылығында бол кезінде, сол қажылыққа жиналған жүз мыңнан астам сахабаларына: *«Сендер мен жайлы сұраласыңдар, сонда не деп жауап бересіңдер?»* - деп сұрақ қойды. (Яғни, «Қиямет күні Аллаһ Тағала амалдарыңның есебін беру үшін, сендерді Өзінің алдында, бүгін жиналғандарыңдай етіп жинағанда: «Сендерге Аллаһтан Елші келіп, Аллаһтың діні мен жолдауын жеткізді ме?» - деп сұрайды. Сендер бұған не деп жауап бересіңдер?»). Сахабалар: «Сіз Жолдауды жеткізгеніңізге, өзіңізге жүктелген міндетіңізді орындағаныңызға және осыда ықыласты мейірімділік пен ынта-ыждағат танытқаныңызға куілік етеміз», - деп жауап берді. Сонда Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) саусағын көкке қарай көтеріп, әрі онымен адамдарға нұсқап: *«Уа Аллаһ, куә бол! Уа Аллаһ, куә бол! Уа Аллаһ, куә бол!»*, - деді.

Біз де Мухаммад пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын), өзінен бұрын өткен барлық пайғамбарлар секілді, біз үшін екі дүниеміздегі өміріміз мен құтылуымыз тек сода ғана болған Раббымыздың жолдауын, Оның өсиеттері мен бұйрықтарын жеткізгендігіне куәлік етеміз. Пайғамбарымыз бізді соған ынталандырмаған бірде-бір жақсылық қалдырмады және бізді содан сақтандырып ескертіп кетпеген бірде-бір жамандық қалдырмаған.

Адамзатқа Аллаһтың заңдарын жеткізу батылдықты, сабырлықты, төзімділікті, ықыласты сүйіспеншілікті және тақуалықты қажет ететін аса жауапты іс. Сондықтан да пайғамбарлар адамдардың ішіндегі ең батылдары, ең тақуалары, ең сабырлылары әрі ең мейірімділері болған.

Пайғамбарлар бұл жер бетіне адамдарды надандық, пұтқа табынушылық, ырымшылдық пен күпірлік қараңғылығынан білім, бірқұдайшылық, дін мен иман жарығына шығарып, тура жолмен (әс-сырат әл-мустақим) жүргізу үшін келген. Елшілер мен олардың ілімінсіз адамдар түнек үстіне түнек болатын қараңғылықта болады.

Қазіргі әлемнің жағдайы таңқаларлық. Адамзат техникалық және материалдық ілгерілеудің жоғары деңгейіне жетті, бірақ соған қарамастан, адамдар қараңғылықта абыржып, сенделіп сергелдеңде жүруде және өздерін бақытсыз, қанағатсыз сезінеді, болашақтан қорқып, өткенді жоқтап-қайғырып өмір сүреді.

Неліктен? Өйткені олар барлық нәрсені Білуші әрі Дана Жаратушының елшілері көрсеткен жолға түсуді қаламайды. Олар үнемі басқа жолдарды іздейді

әрі барған сайын бақытсыздықтары арта түсуде. Барлық жерде адам өлтірулер, қантөгіс, қирау мен аурулар орын алып жатыр. Өлтірілген адам не үшін өлтірілгенін, ал өлтірген адам не үшін өлтіріп жатқанын білмейді. Қаншама суицид, ластық, маскүнемдік, азғындық пен әділетсіздік болып жатыр. Бұның барлығының себебі бір ғана нәрседе: адамдар Аллаһтың Өз пайғамбарлары арқылы көрсеткен жолынан тайып, өздері ойлап тапқан жолдармен жүруде. Олар ілгері, алға жылжыды ма? Иә, бірақ тек материалдық салада. Олар бақытқа ие болды ма? Жоқ! Материалдық өрлеу қараңғыда адасып жүрген адамдардың жүректерін еш нұрландырған жоқ.

Пайғамбарлар сондай-ақ Аллаһқа иман келтіріп, Оған мойынсұнған адамдарды Жәннатпен сүйіншілеп, ал күнәһар және қылмыскер адамдарды Ұлы азаптан ескерту үшін де келген. Аллаһ Тағала былай деген:

وَمَا نُرْسِلُ الْمُرْسَلِينَ إِلَّا مُبَشِّرِينَ وَمُنذِرِينَ

«Негізінде елшілерді қуантушы әрі ескертуші етіп ғана жібердік»

(«әл-Каһф» сүресі, 56-аят).

Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген:

«Мен және Аллаһ мені сонымен жіберген жолдауы, өз қауымына келіп, киімін шешіп, оны қолына алып көтеріп жан-жаққа сілтеп, сол арқылы оларға белгі етіп: «Уа қауымым! Жау әскерін өз көзіммен көрдім. Сақтаныңдар, сақтаныңдар!», - деп айтқан адам секілді. Сөйтіп, адамдардың бір бөлігі осы хабаршыны тыңдап, түннің басында елді мекенінен тыныш кетіп қалды да, жаулардан құтылды, ал екінші бөлігі оны өтірікші санап, қалада қалып, оларға таңертен әскер шабуыл жасап, барлығын өлітіріп, жоқ қылды. Ендеше, бұл маған бағынып, менің айтқанымға ілескендер және мен әкелген ақиқатты өтірік санағандар туралы мысал».

Аллаһтың Елшісі оған ергендерге бұл дүниеде лайықты өмір мен өлгеннен кейін мәңгілік бақыт дайындалғанын, ал одан бет бұрғандар бұл дүниеде де ауыр және тар өмір сүріп, өлгеннен кейін де қорлайтын азапқа тап болатынын хабарлаған. Ендеше, әркім екі жол мен тағдырдың өзіне ұнайтын бірін тандасын. Дінде мәжбүрлеу жоқ. Ол, яғни дін біздің алдымызда, ашық. Қалаған адам иман келтірсін, ал қалаған адам күпірлікті тандасын. Елшілердің қызметі – адамдарды мәжбүрлеу емес, оларды хабарлау. Адамдарды Аллаһқа және Оның елшілерінің жолына шақыратындар да дәл солар секілді. Оларға тек адамдарға Жәннатқа

апаратын жол қай жерде, Тозаққа апаратын жол қайда, тура жол қайда және адасушылық қайда екендігін жеткізу мен түсіндіру тапсырылған.

Аллаһ Тағала өз елшілері арқылы бізге, біз бүкіл ой-қамымыз бен ұмтылыстарымызды тек осы дүниеге ғана жұмылдырып, сонымен алданып қалмауымыз үшін, бұл дүниенің шынайын мәнін, яғни ол не екенін түсіндіріп берді. Ол сондай-ақ бізге, біз соған ұмтылып, ондағы болатын мәңгі бақытқа жетуге жігер салып, еңбек істеуіміз үшін, мәңгілік өмір не екенін де хабарлады. Аллаһ Тағала былай деген:

وَمَا هَذِهِ الْحَيَاةُ الدُّنْيَا إِلَّا لَهُوٌّ وَلَعِبٌ ۚ وَإِنَّ الدَّارَ الْآخِرَةَ لَهِيَ الْحَيَوَانُ ۚ لَوْ كَانُوا يَعْلَمُونَ

«Бұл дүние тіршілігі бір ойын мен ермек қана. Күдіксіз, Ақырет өмірі, сол ғана шынайы өмір. Әттең! Олар осыны білсе ғой!»

(«әл-Анкабут» сүресі, 64-аят).

Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өзінен кейін динар да, дирхам да, құл мен күң де, басқа да мал-мүлік қалдырмады. Ол өзінен кейін мініп жүрген ақ қашырын, қару-жарағын және содан түскен табысты кедей мен жолда қалған жолаушылардың қажетіне жұмсалсын деп садақа ретінде берген Хайбардағы бір телім жерді ғана қалдырды.

Әрі ең соңында біз пайғамбарлар мен елшілер арасындағы айырмашылық туралы айтамыз деп уәде еткен едік. Араб тіліндегі «ән-нәби» деген сөз көптеген тілдерде «пайғамбар» дегенді білдіреді. Ал елші – араб тілінде «расул» деп аталады. Пайғамбарлар – Аллаһтан уахи және адамзат үшін хабар алғандар. Ал елші – бұл Аллаһтан тек уахи алушы пайғамбар ғана емес, ол адамзатқа жаңа наным-сенім жүйесін, жаңа шарият, жаңа діни қаулылар, яғни бұйрықтар мен тыйымдар әкелген адамдар. Әрбір елші пайғамбар болған, алайда әрбір пайғамбар елші болмаған. Барлық елшілер – бауырлар, олардың барлығы бір дінді, яғни өзіңді жалғыз Аллаһқа ғана бағыштап, Оған мойынсұнуды білдіретін Ислам дінін ұстанған. Алайда Аллаһ Тағала әрбір елшіге басқа елшілердің шарияттарынан ерекшеленетін Өзінің ерекше шариятын берді. Осылайша, Мухаммадқа (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) түсірілген шариятта намазды күніне бес уақыт оқу бекітілген, ал одан бұрынғы елшілердің (Ибраһим, Муса мен Исаның) шарияттарында бұл сан және намаз оқу әдісі басқаша болған. Мухаммадтың Құран мен Сүннетте түсіндірілген шарияты Аллаһ Тағаладан түскен соңғы шарият, бүкіл адамзат оны Қиямет күніне дейін ұстануы міндетті, өйткені Мухаммадтан кейін адамзатқа жаңа пайғамбар да, елші де жіберілмейді.

Аса Жоғары әрі Пәк Раббымыз Аллаһтан бізді пайғамбарлар мен Елшілердің шынайы, ықыласты ілесушілері етін, бізге осыда көмек пен жетістік беруін және Қиямет күні солармен және соларға ілескен мұминдермен Жәннат бақтарында болуымызды нәсіп етуін сұраймыз.

Әрі сөзіміздің соңында Пайғамбарымыз Мухаммадқа, оның отбасына және сахабаларына Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын.

Қазақ тіліне аударған шейх Хайсам Сархан басшылығындағы «Сунна» колледжі.

<https://t.me/sarhan98>